

Бекітемін: _____
«Айяна» жеке мектепке дейінгі
білім беру мекемесінің
әдіскері: Ж.А.Елемесова

Тақырыбы: «Құрметпен қарап, қадірлейік қарияны»



Тәрбиеші: Г.С.Измуханова

2025ж

Тақырыбы: «Құрметпен қарап, қадірлейік қарияны»

Мақсаты:

Балалардың үлкендерді құрметтеуге, ата-әжелеріне сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу;
Қарт адамдардың өмірлік тәжірибесін, ақылын қадірлей білуге баулу;
Отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ата-ана мен баланың арасындағы байланысты нығайту;
Балалардың сөйлеу, көркем өнер көрсету, өз ойын жеткізу дағдыларын дамыту.

Армысыздар, құрметті қонақтар!

Бүгінгі біздің бөбекжайымызға қонақ болып келген қарияларымызды қошеметпен қарсы алайық.

Бүгінгі күн-жүрекке жылы, көңілге нұр себетін ерекше күн. Қазан айының алғашқы күні-ақ шашты ата-әжелерімізге арналған мейрам. Бұл-өнегелі өмір иелеріне, көп жасаған көсемдерге тағзым ету күні. Сендерге деген құрмет ешқашан сөнбейді, асыл қариялар! Бүгінгі «Құрметпен қарап, қадірлейік қарияны» атты мерекелік іс-шарамызға қош келдіңіздер!

Ендігі сөз кезегін біздің бөбекжайымыздың кеңесші Менсұлу Абілғазықызына беріледі.

Мен кішкене әңгіме оқып берейін. «Ата, сенің қолың неге әжім»?

Бір күні кішкентай Ернұр қолынан жетектеп келе жатқан атасынан тосын сұрақ қойды?

-Ата, сенің қолың неге әжім?

-Әжім бе, балам?-деп ата жымылып қойды.-сенің қолың қандай?

-Менің қолым жұмсақ, тап-таза!-деді Ернұр мәз болып.

-Ал менің қолым неге, қатты, тілім-тілім екенің білгің келе ме?

Ернұр басын изеді.

-Мен сенің жасында мал бақтым, жер жырттым. Қыста қар күреп, жазда шөп шаптым. Балаларымды осы қолыммен асырадым. Түнде жыласа, бесік тербеттім. Күнде терлеп жүріп, еңбек еттім. Қолымдағы әр әжім-бір өмірдің ізі, балам деді. Ернұр атасының қолын жайлап ұстап көрді. Бұрынғыдай суық емес, керісінше жүрекке жылу беретіндей сезілді.

-Ата, сенің қолың-батырдың қолы екен!-деді. Ернұр мақтанышпен.

-Еңбектің қолы-нағыз құрметке лайық қол,-деді атасы мейіріммен. Сол сәттен бастап Ернұр ата қолындағы әр әжімді құрметпен қарайтын болды. Ол енді әр әжімде-махаббат, еңбек пен шыдам бар екенің білді. Ал балалар осы әңгімеден не түсіндіңдер?

Тақпақ:

Мені ертіп жетектеп,

Осы күнге жеткізген.

Бізді бағып өсірген,

Аман болсын жан әжем. **Аянат**

Атам менің ардақты,

Ақ батасын беретін.
Тілегі бар салмақты,
Немереге сенетін. **Хадиджа**

Құттықтаймын жан ата,
Қарттардың бұл күнімен.
Мерейіңіз асқақтап,
Қуанта бер үніңмен. **Асанәлі**

Құттықтаймын әжемді
Бүгін қарттар күнімен.
Шаттығыңды тілеймін,
Шын жүректен бүгін мен. **Нурасыл**

Қария-бүгінгі мен болашақтың көпірі. Олар-елдің тарихы, тәрбиенің бастауы.
Келіңіздер, бүгінгі күнді естелікке айналдырайық
Бүгінгі дөңгелек үстеліміздің тақырыбы: «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» сол бағытта
еңгіме қозғасақ.

Қазақ халқының тәрбиесінің түп қазығы үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқар
болу. Бұл-бабалардан қалған өсиет. Ата-бабаларымыз ешқашан үлкен кісінің сөзін
бөлмеген, жолың кеспеген, ақсақалды қарияны төрге отырғызып, ақ жаулықты ананы
ардақ тұтқан. Ал, құрметті ата-әжелер осы тақырыпта сөз қозғасақ сіздер не
айтасыздар? Ел болашағы осы балғын балаларымызға айтатын кеңестеріңіз болса
айта отырыздар.
сұрағы?

Ботакөз сұрақ қояды: Ата , Құрмет деген не? Оны қалай көрсетуге болады?

Махамбет сұрақ қояды: Әже, Әке көрген – оқ жонар,

Ана көрген – тон пішер. деген неғылдеген сөз түсінбедім
Нарұл сұрақ қояды Ата, Әкеге қарап ұл өсер,
Анаға қарап қыз өсер.
Ата, Сіз бала кезіңізде үлкендерге қалай құрмет көрсететін
едіңіз?

Хадиджа сұрақ қояды Әже, сіз неге көп ертегі білесіз? Сізге кім айтты оларды?

Исатай сұрақ қояды Ата, «Бата» деген не? Оны кім береді?

Қарттарым – асыл қазынам,
Сақтаған елдің салтын да.
Құрметтеп бүгін сіздерге,
Сыйлаймыз шын жүректен ән! демекші сахна төріне - өз өнерлерін ортаға салатын
балғындарымыздың өнерін тамашалаңыздар **«Жақсы көрем атамды, жақсы көрем
әжемді» әнін орындап береді.**

Қазақ «Қариясы бар үй-қазыналы үй»дейді. Қарияның батасы-елдің қорғаны, анасының ақыл-кеңесі өмірдің шамшырағы дейді. Сол себепті біз әрдайым үлкендердің алдында иіліп, кішілерге қамқор болуды ұмытпауымыз керек. Өйткені үлкенге құрмет көрсету-өз болашағына жол ашу, ал кішіге ізет білдіру-ел ертеңіне деген жаңашырлық.

– Балалар, біз ата-әжелерімізден тек ертегі тыңдап, ойын ойнауды ғана емес, сонымен қатар бірге **қазақтың бай мұрасын — қолөнерін** де үйренеміз.

– **Әжелеріміз – ісмер, шебер, өрнекші, тігінші.** Олар көрпе тігіп, ою ойып, сырмақ жасап, қазақы шеберліктің нағыз үлгісін көрсеткен.

– Ендеше, бүгін біз де **әжелеріміздің қолөнерін тамашалайық!**
Әжелеріміз дайын тұрған «**себетке (кәрзеңкеге) ою-өрнек жапсырып**», өз қолөнер шеберліктерін көрсетеді!

Ал, аталарымыздың жастық шағын еске түсіріп Ұлттық ойын ойнап жиберсек

«Асық ату» ойыны

Би: «Қазақ биі»

Шәмші Қалдаяқовтің попури әндерін орындау

Атаның батасы – алдыңғы жарық шамы. демекші ата, сізден бата сұраймыз.

Қорытынды ой: Қазіргі заман өзгергенмен, адамгершілік қағидалары өзгермеуі керек.

Біз де қанша ғылым мен технология дамыса да, адамдық пен ар-ождан, құрмет пен ізет жоғалмауы тиіс. Үлкенің жолын кесе өтпей, сәлемімізді аянбай беріп, жасы үлкенге орынымызды ұсынып, кішіні қорғап, демеп жүрейік дегім келеді. Бүгін көптеген тақырып қозғап, балаларға өз ақыл кеңестеріңізді айтып іс-шарамызға алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп-көп рахметімді айтамын. Аман болыңыздар.